|  | <p>дұрыс орындауға үйрету. Жаттығулар орындағанда арақашықтықты сақтауға дағдыландыру. Жан-жақты дамыту жаттығулары: (Доптармен). «Қыс қызығы» балаларды сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйретуді жалғастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Аязды күні қарды басып жүрсең қандай дыбыс шығатындығын түсіндіру.</p> <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b> Дидактикалық ойын: «Жұбын тап» Барысы: балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.</p> <p><b>Сенсорика, құрастыру</b> Тақырыбы: «Көңілді аққалалар» Дөңгелек мүсіндерді</p> | <p>«Қыс» өлеңі А.Асылбеков Балаларға өлеңнің мазмұнын түсіндіру.</p> <p><b>Тіл дамыту, көркем әдебиет</b> Д/қ ойын: «Өз үйінді тап» Барысы: балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.</p> <p><b>Сенсорика</b> Тақырыбы: «қысқы көрініс» мазмұнды сурет бойынша қыс мезгілінің ерекшеліктерін, қысқы табиғат көрінісін әңгімелейді.</p> <p><b>қоршаған әлеммен таныстыру</b> Шығармашылық жұмыс: «Қардағы торғай іздері» тақырыбында іздердің суретін салады, мүсіндейді.</p> <p><b>Мүсіндеу, сурет салу</b> Шығармашылық жұмыс: торғай бейнесін жапсырады, құрастырады.</p> <p><b>жапсыру, құрастыру</b></p> | <p>әнді ересектің дауыс интонациясына ілесе айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Барабанда ойнаймыз» ырғақты қимыл</p> <p>Ақ мақтадай ұлпа қар, Жамылыпты қырқалар. Қалың қалың тое киіп, Маужырайды шыршалар. Қыс мезгілі, қардың жаууы, қар басқан ағаштар туралы әңгімелеу.</p> <p>«Қар қиыршықтары» Қыс мезгілі, табиғаттағы ерекшеліктер, қардың жаууы, оның түсі туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Дидактикалық ойын: «Ақшақарлар ұшады» Шарты: тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған ақшақарларды таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда ақшақарларды үрлеп ұшырады..</p> <p><b>Сенсорика, құрастыру</b> «Қысқы көрініс» (Мазмұнды әңгіме) суреттерді көрсете отырып, тәрбиеші</p> | <p>(Түсті шашақтар).</p> <p>«Ертегіде қонақта» балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертегілердің кейіпкерлерін көрсетеді.</p> <p><b>Тіл дамыту көркем әдебиет</b> Дидактикалық ойын: «Кімнің үйі» Кімнің қайда тұратынын ажыратады. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, апанның, ұяның, тиіннің інінің суреті Шарты: Тәрбиеші балаларға сурет арқылы кімнің үйі екенін тауып көрсетуін сұрайды.</p> <p><b>Сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру</b> Үйшік тақырыбында құрастыру жұмысын жасайды. <b>құрастыру</b> Шығармашылық жұмыс: аюдың бейнесін бастырып салады, бауырсақты мүсіндейді.</p> <p><b>Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу</b></p> | <p>мүсіндейді, жолақ қағаздардан жапсырады..</p> <p><b>Мүсіндеу, жапсыру</b> «Қарға көмілген ағаштар» Қыстың бейнесін суретпен бейнелей білуге үйрету.</p> <p><b>Сурет салу</b> «Терезедегі өрнектер» Балаларды қыс мезгілінің ауа-райының құбылысының бірі терезеге аяздың салып кеткен өрнектерімен таныстыру.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Д/қ ойын: «Шана» Барысы: шаналарды салыстырады. Үлкен және кіші шаналарды топтастырады. Қатты қағаздан шана бейнеін құрастырады.</p> <p><b>Сенсорика, құрастыру</b></p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                   | бастыру арқылы<br>аққала суретін<br>салғызу. <b>Сурет салу,<br/>қоршаған әлеммен<br/>таныстыру</b><br>Шығармашылық<br>жұмыс: аққаланың<br>бейнесін құрастырып,<br>жапсырады,<br>мүсіндейді.<br><b>жапсыру, мүсіндеу,<br/>құрастыру</b>          |                                                                                                  | көмегімен әңгіме құрау.<br><b>Тіл дамыту,<br/>көркем әдебиет</b><br>«Шана» (Заттық сурет)<br>Сызықтарды үйлестіре<br>отырып бейнелеу<br>дағдыларын<br>қалыптастыру. Дайын<br>суретті қылқаламмен<br>бояу.<br><b>Сурет салу</b><br>Шананы мүсіндеп,<br>жапсырып безендіреді.<br><b>жапсыру, мүсіндеу</b> |                                                                                                                          |                                                                                        |
|                                                                                                                                   | Ұйымдастырылған іс - әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. (музыка <sup>***</sup> ) (дене тәрбиесі <sup>**</sup> )                                                                                                                        |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Екінші таңғы ас                                                                                                                   | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті. Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру . |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Серуенге дайындық                                                                                                                 | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.                                                                                                                          |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Серуен                                                                                                                            | Картотека №17                                                                                                                                                                                                                                   | Картотека №18                                                                                    | Картотека №15                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Картотека №16                                                                                                            | Картотека №19                                                                          |
|                                                                                                                                   | Серуен картотекасынан                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Серуеннен оралу                                                                                                                   | Тазалық процедурасы: балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды , қар болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.                                  |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| <b>Үнемді тұтыну</b>                                                                                                              | Қажет емес кезде жарықты сөндірі                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Түскі ас                                                                                                                          | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.                             |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Күндізгі ұйқы                                                                                                                     | Бесік жыры (музыка <sup>***</sup> )<br>«Қолғап » ертегісі                                                                                                                                                                                       |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Біртіндеп ұйқыдан<br>ояту, сауықтыру<br>шаралары                                                                                  | Картотека №10 шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту (дене тәрбиесі <sup>**</sup> )                                                                                                                                  |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
|                                                                                                                                   | Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Бесін ас                                                                                                                          | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.                                                                                                                   |                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                          |                                                                                        |
| Балалардың дербес<br>іс- әрекеті<br>(қимылды, ұлттық,<br>сюжетті-рөлдік, үстел<br>үсті, баспа және басқа<br>ойындар), бейнелеу іс | Еркін ойын: ұлдар<br>машинамен, қыздар<br>қуыршақпен ойнайды.                                                                                                                                                                                   | <b>Қ/ойын: Кегли</b><br>Барысы: допты ұстап<br>алып, кеглиге дәл<br>тигізіп, құлатып<br>ойнайды. | С/ рөлді ойын:<br>«Шаштараз»<br>Барысы: өз беттерімен<br>еркін ойнайды.<br>Шаштараз маманының<br>құралдарын пайдалана                                                                                                                                                                                   | Қ/ы ойын: «Допты<br>қуып жет»<br>Барысы: допты ұстап<br>алып, екінші балаға<br>табыстап ойын ережесі<br>бойынша ойнайды. | Еркін ойындар:<br>Ұлдар машинамен,<br>қыздар қуыршақпен,<br>конструктормен<br>ойнайды. |

|                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                   |                                                                                                                 |                                                                                        |                                                                                 |
|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| әрекеті, кітап қарау және басқалар |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                   | алады.                                                                                                          |                                                                                        |                                                                                 |
| Балалармен жеке жұмыс              | <b>Әлеуметтік дағды:</b><br><i>Жігер</i> өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады                                                                                                                                                                                                  | <b>Коммуникативтік дағды:</b> <i>Хакім</i> педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады | <b>Коммуникативтік дағды:</b> <i>Нұрислам</i> сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады | <b>Шығармашылық дағды:</b> <i>Тәуекел</i> қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады | <b>Танымдық дағды:</b> <i>Мұстафа</i> табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды. |
| Серуенге дайындық                  | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау |                                                                                                   |                                                                                                                 |                                                                                        |                                                                                 |
| Серуен                             | Картотека №17                                                                                                                                                                                                                                                                           | Картотека №18                                                                                     | Картотека №15                                                                                                   | Картотека №16                                                                          | Картотека №19                                                                   |
| Балалардың үйге қайтуы             | Ата-аналарға кеңес: «Денсаулық және шынығу жолдары», «Балалармен бірге ойнаңыз».<br>Балалардың жеке гигиенасы туралы медбике кеңесі.                                                                                                                                                    |                                                                                                   |                                                                                                                 |                                                                                        |                                                                                 |



**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **26.01 – 30.01. 2026 ж**

Тәрбиеші: Кеңес Ж.Қ.

**Аптаның дәйек сөзі: “Құқығынды сақтап үйрен, бірақ басқалардың да құқығы бар екенін ұмытпа”**

| <b>Күн тәртібінің үлгісі</b>                                                                                                               | <b>Дүйсенбі</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <b>Сейсенбі</b>                                                                                                                                                        | <b>Сәрсенбі</b>                                                                                                                                                                | <b>Бейсенбі</b>                                                                                                                                                                            | <b>Жұма</b>                                                                                                                                                                                              |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                         | Балалардың көңіл-күйін бақылау. Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br><b>Күй күмбірі: “Адай”</b>                                                                                          |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                          |
| Ата - аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу                                                                   | Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Сөздік минимум: Қайырлы таң!<br><b>“Өнегелі 15минут” “Балаларға ертегі айтқызып үйретейік””</b>                                                                       |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                          |
| Балалардың дербес әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | Ү/үсті ойыны: «Пазл: шана»<br>Барысы: шана бейнесін құрастырады. Шана туралы әңгімелейді.                                                                                                                                                                                                                     | Д/қ ойын: «Менің ойыншығым»<br>Барысы: алдарындағы ойыншықты атап, сипаттайды.<br>Сөздік минимум: машина                                                               | Ү/үсті ойыны: «Лото: ойыншықтар»<br>Барысы: ойыншықтарды танып, бетте берілген сол ойыншықтың бейнесіне қояды.                                                                 | Балалармен әңгіме: «Қысқы ойындар»<br>қысқы спорт түрлерімен, қысқы ойын-сауықтармен таныстыру.<br>Сөздік минимум: қыс                                                                     | Ү/үсті ойыны: «Лото: түстер»<br>Барысы: түстерді ажыратып, тиісті ұяшыққа орналастырады.<br>Сөздік минимум: ақ                                                                                           |
| Ертеңгілік жаттығу                                                                                                                         | Картотека №5<br>Мақсаты: жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (дене тәрбиесі **)                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                          |
| Таңғы ас                                                                                                                                   | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) Сөздік минимум: рахмет! |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                          |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                                       | Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесуі (бірлескен әрекет, кезекшілік).                                                             |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                          |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет                                                                              | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Бір қатар сапқа тұру, дене тұлғаларын дұрыс ұстап тұру қалыптарын тексеру.<br>Бір тізбекті сапта қолдарын белге қойып жүру.<br>Жаймен жүгіру.                                                                                                                                         | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Қане, қане тұрайық<br>Жер шарын біз құрайық<br>Жер шары үлкен дөңгелек<br>Айналып ол жүреді<br>Күннің көзін шеңбер боп.<br>Негізгі қимыл түрі: | <b>Музыка</b><br>Жылулық шеңбері.<br>Дауыс жаттықтыру.<br>Музыка тыңдау: «Қыс»<br>Б.Ерзакович<br>Ән айту: «Анашым »<br>әнді ересектің дауыс интонациясына ілесе айтуға үйрету. | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Сапта қатар тұрып, әр түрлі бағытта жүру, тура және бұрылмалы жолдармен бір-біріне қақтығыспай жүру, жерде жатқан кедергінің үстімен тепе-теңдік сақтап жүріп өту. | <b>Көркем әдебиет,</b><br>Тақпақ:<br>Түбіртектің түбінде,<br>Бұғып жатыр ақ қоян,<br>Құлағын жер үніне,<br>Тігіп жатыр ақ қоян.<br><b>Сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br>Суретпен жұмыс: қоян, |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Екі топқа бөлініп, кедергілерден еңбектеп өту. Қ/ы ойын: «Кім епті?»</p> <p>Барысы: кедергі астынан еңбектеп өте алады. Тыныс алу жаттығуы.</p> <p>Д/қ ойын: «Түсін тап»</p> <p>Барысы: шаналардың түсін анықтап, атайды.</p> <p>Тақпақ:</p> <p>Жарыспақшы көп шана, Жаңа шана, көк шана. Сен жүйрік оқ шана, Саған жетер жоқ шана!</p> <p><b>Сенсорика, көркем әдебиет</b></p> <p>Әңгімелесу: қыс мезгілі, шанамен сырғанау қызықтары. Қыс мезгіліндегі ойындар.</p> <p><b>Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</b></p> <p>Шығармашылық жұмыс: шана бейнесін шаблон көмегімен бастырып салады, шана жібін мүсіндейді, жапсырады, қатты қағаздан шана бейнесін құрастырады.</p> <p><b>Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру</b></p> | <p>әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді.</p> <p>Іші толған бөлменің, Ойыншығым көп менің. Босқа тізіп қоймайық, Келе ғой досым ойнайық!</p> <p>Д/қ ойын: «Қара да ата»</p> <p>Барысы: ойыншықтарды қарайды, атайды, сипаттайды. Қай ойыншық көп екенін айтады. Достарымен бөлісіп ойнау керек екенін біледі.</p> <p><b>Көркем әдебиет, сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру</b></p> <p>Д/қ ойын: «Ойыншықтар»</p> <p>Барысы: өздеріне берілген ойыншықтар бойынша топтаса алады. Ойыншықты атап, әңгімелейді. Кім қалай ойнайтынын айтады.</p> <p><b>Тіл дамыту</b></p> <p>Шығармашылық жұмыс: машинаның сұлбасын бояйды. Терезесін жапсырады.</p> <p><b>Сурет салу, жапсыру</b></p> <p>Шығармашылық жұмыс: доп мүсіндейді, жүк көлігін шаблон бойынша құрастырады.</p> <p><b>Мүсіндеу, құрастыру</b></p> | <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аю мен қояндар» Б.Дәлденбай</p> <p>Д\о: «Қуыршақтар ұйықтайды және билейді» ойыны ортаға қуыршақты шығарады, балалар қуыршақпен би билейді, егерде қуыршақ ұйықтағанда балалар қуыршақпен ұйықтап қалады. К/ы ойын: «Қар жауды»</p> <p>Барысы: күн шықты дегенде, алаңсыз ойнай береді. Қар жауды дегенде топ болып жинала қалады.</p> <p>Әңгімелеу: қыс мезгілі, табиғаттағы өзгерістер, қардан жасалған мүсіндер суретін тамашалау.</p> <p>Мүсіндерді тану, пішінін, түсін айту.</p> <p><b>Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика</b></p> <p>Ертегі: «Ақшақар»</p> <p>Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу. Ақшақар, аққала туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Шығармашылық жұмыс: Күн бейнесін салу, аққала мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.</p> <p><b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</b></p> | <p>Кедергіден қос аяқтап секіру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы.</p> <p>Д/қ ойын: «Суреттер сөйлейді»</p> <p>Барысы: суретте көрсетілген қысқы ойындарды қарайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Қысқы ойындар: шанамен сырғанау, шаңғы тебу, конькимен сырғанау, хоккей ойыны.</p> <p>Аппақ қарлы қыс келді, Аязымен қысты енді. Шынықсын деп денеміз, Шана, шаңғы тебеміз.</p> <p><b>Тіл дамыту, көркем әдебиет</b></p> <p>Қыс мезгіліндегі ауа райын әңгімелей отырып, денсаулыққа таза, қысқы ауаның пайдасын түсіндіру. Шынығу процесі туралы айту.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p> <p>Л/қ ойын: «Сәйкесін қос»</p> <p>Барысы: үлкен және кіші шана, аққала бейнесін тауып, көрсетіп, сызықпен қосады.</p> <p><b>Сенсорика</b></p> <p>Шығармашылық жұмыс: пиманың бейнесін салады, мүсіндейді, жапсырады, құрастырады.</p> <p><b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</b></p> | <p>оны сипаттау, түсін анықтау, қысқы тіршілігі туралы айту.</p> <p>Д/қ ойын: «Түстер»</p> <p>Барысы: штрих код арқылы түстерді тамашалап, қай түс екенін айтады.</p> <p>Затты түспен сәйкестендіре алады. Сол заттың бейнесін салуға талпынады.</p> <p><b>Тіл дамыту, сурет салу</b></p> <p>Шығармашылық жұмыс:</p> <p>Қарындашты мүсіндейді, жапсырады. Қатты қағаздан құрастырады.</p> <p><b>Жапсыру, құрастыру, мүсіндеу</b></p> |
| Бесін ас                                                                                                                                              | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.                                                                                                                                                     |                                                                                                      |                                                                                                              |                                                                                        |                                                                                            |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | С/р ойын: «Дүкенші»<br>Сатушы және сатып алушы рөліне бөлініп ойнайды.                                                                                                                                                                                                            | Еркін ойындар:<br>Ұлдар машинамен , қыздар қуыршақпен ойнайды.<br>Сөздік минимум: машина             | Ү/үсті ойыны:<br>«Суреттер құрастыру»<br>Барысы: ұсақ бөлшектерден ірі көлемді көлік суретін құрастырады.    | Еркін ойындар:<br>конструкторлармен түрлі бейнелер құрастырып ойнайды.                 | Д/қ ойын: «Орнын тап». Барысы: түрлі - түсті геометриялық пішіндерді орнына орналастырады. |
| Балалармен жеке жұмыс                                                                                                                                 | <b>Әлеуметтік дағды:</b><br><i>Жігер</i> өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады                                                                                                                                                                                            | <b>Коммуникативтік дағды:</b> <i>Нұрислам</i> педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады | <b>Коммуникативтік дағды:</b> <i>Хакім</i> сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады | <b>Шығармашылық дағды:</b> <i>Мұстафа</i> қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады | <b>Танымдық дағды:</b> <i>Тәуекел</i> табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.            |
| Серуенге дайындық                                                                                                                                     | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң, солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. |                                                                                                      |                                                                                                              |                                                                                        |                                                                                            |
| Серуен                                                                                                                                                | Картотека №18                                                                                                                                                                                                                                                                     | Картотека №15                                                                                        | Картотека №12                                                                                                | Картотека №21                                                                          | Картотека №19                                                                              |
| Балалардың үйге қайтуы                                                                                                                                | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Ата-аналарға кеңес: «Баланы смартфоннан аулақ ұстаңыз!»                                                                                       |                                                                                                      |                                                                                                              |                                                                                        |                                                                                            |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **02.03 -06.03. 2026 ж**

Тәрбиеші: Ахметкалиева А.А.

**Аптаның дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»**

| Күн тәртібінің үлгісі                                                                                                                       | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сейсенбі                                                                                                                              | Сәрсенбі                                                                                                          | Бейсенбі                                                                                                                        | Жұма                                                                                                         |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                          | Балалардың көңіл-күйін бақылау. Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br><b>Күй күмбірі:</b> Адай                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                       |                                                                                                                   |                                                                                                                                 |                                                                                                              |
| Ата - аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу                                                                    | Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Сөздік минимум: Сәлеметсіз бе!<br><b>Өнегелі он бес минут:</b> Алғыс айту, көрісу                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                       |                                                                                                                   |                                                                                                                                 |                                                                                                              |
| Балалардың дербес әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу , дербес және басқалары) | Ү/үсті ойыны: «Пішіндерді орналастыр»<br>Барысы: тұғырға тиісті пішіндерді орналастыра алады.<br>Сөздік минимум: үлкен, кіші                                                                                                                                                                                                                                                               | Ү/үсті ойыны: «Лото: Жыл мезгілдері»<br>Барысы: жыл мезгілдеріне қатысты суреттерді тиісті орнына қояды.<br>Сөздік минимум: ағаш, жел | Ү/үсті ойыны: «Пазл: тарақ»<br>Барысы: тарақ бейнесін құрап шығарады.<br>Тазалық достары туралы әңгімелейді.      | Д/қ ойын: «Танып ал да, атын ата»<br>Барысы: алдарына берілген суреттердегі заттарды атайды, сипаттайды.<br>Сөздік минимум: гүл | Ү/ү ойыны: «Домино»<br>Барысы: гүлдер тақырыбында домино ойынын ойнайды.<br>Сөздік минимум: раушан, бәйшешек |
| Ертеңгілік жаттығу                                                                                                                          | Картотека №7<br>Мақсаты: жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (дене тәрбиесі **)                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                       |                                                                                                                   |                                                                                                                                 |                                                                                                              |
| Таңғы ас                                                                                                                                    | Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету).<br>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |                                                                                                                                       |                                                                                                                   |                                                                                                                                 |                                                                                                              |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                                        | Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесуі (бірлескен әрекет, кезекшілік).                                                                                                                                          |                                                                                                                                       |                                                                                                                   |                                                                                                                                 |                                                                                                              |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет                                                                               | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Саппен жүру, жай жүгіру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар жасау.<br>Негізгі қимыл: еденде                                                                                                                                                                                                                                                                              | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Шеңбер бойымен тұрып, жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды. Негізгі                                          | <b>Музыка</b><br>Балаларды күйдің күмбірімен жақсы көңіл күйде қарсы алу.<br>Шеңбер бойына тұрып әуенге сай қимыл | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Саппен жүру, жай жүгіру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар жасау.<br>Негізгі қимыл: еденде                   | <b>Сенсорика</b><br>Д/қ ойын: «Үш аю»<br>Барысы: үш аюды салыстырады. Үлкен, кіші өлшемін анықтайды.         |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>жатқан секіргіштен аттап секіреді.<br/> Тыныс алу жаттығуын орындайды.<br/> Қ/ы ойын: «Допты домалат»<br/> Барысы: қолдарына берілген допты лента бойымен домалатып ойнайды.<br/> Тақпақ: Көктем қырға төрледі,<br/> Төрт түлік мал төлдеді.<br/> Бәйшешек құлпырып,<br/> Деп тұрғандай көр мені!<br/> <b>Көркем әдебиет</b><br/> Көктем мезгілінің табиғаты туралы суреттер көрсету, әңгімелеу.<br/> Табиғатта орын алатын өзгерістер, ағаштардың бүр жаруы туралы әңгімелеу.<br/> <b>Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/> Ү/үсті ойыны: «Пішіндерді орналастыр»<br/> Барысы: тұғырға тиісті пішіндерді орналастыра алады.<br/> <b>Сенсорика</b><br/> Шығармашылық жұмыс: ағаш бейнесіне бүр салады, мүсіндейді.<br/> <b>Сурет салу, мүсіндеу</b><br/> Ағаш бейнесіне бүр жапсырады.<br/> Көктемгі ағаш бейнесін</p> | <p>қимыл түрі: жұп болып жүру және түрлі бағыттарда жүгіру.<br/> - колоннада бір-бірден жүру және шеңберге тұру.<br/> Жұп болып тұруға көмектесу.<br/> Қ/ы ойын: «Аю оянды»<br/> Барысы: музыкамен қозғала аю болып қимылдайды.<br/> Л/қ ойын: «Көп және біреу»<br/> Барысы: заттардың көп не біреу екенін анықтайды.<br/> <b>Сенсорика</b><br/> Д/қ ойын: «Танып ал да, атын ата»<br/> Барысы: алдарына берілген суреттердегі заттарды атайды, сипаттайды.<br/> <b>Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/> Тақпақ:<br/> Көктем келді бүгін,<br/> Күнім төкті нұрын.<br/> Сайрап барлық құстар,<br/> Ән салуға құштар.<br/> <b>Көркем әдебиет</b><br/> Шығармашылық жұмыс: күн бейнесін мүсіндейді, жапсырады, құрастырады.<br/> <b>Жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b><br/> Күн бейнесінің суретін алақандарымен</p> | <p>жаттығуларды қайталау. Жылулық шеңбері. Дауыс жаттықтыру.<br/> Музыка тыңдау:<br/> Көктемгі әуен<br/> Ән айту: «Көктем»<br/> Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Гүл ашылуы<br/> Би: Гүлдер биі<br/> Музыкалық аспаптарында ойнау: сылдырмақ<br/> Д/о:«Аспапты ажырат?» Ойын арқылы балалар шулы аспаптардың үнін тыңдап ажырату<br/> <b>Көркем әдебиет</b><br/> Суретпен жұмыс: көктем тақырыбындағы суретте көрсетілген бейнелердің түстені анықтайды, атайды: күн сары, аспан көк....<br/> Көктем мезгіліндегі табиғаттың жандануы, тіршіліктің оянуы, табиғаттағы өзгерістер туралы видеоролик арқылы түсіндіру, әңгімелеу.<br/> <b>Сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/> Д/қ ойын: «Тазалықтың достары»<br/> Барысы: тазалықтың достарын: тарақ, сүлгі, су, сабынды табады.<br/> Әңгімелейді.</p> | <p>жатқан секіргіштен аттап секіреді.<br/> Тыныс алу жаттығуын орындайды.<br/> Қ/ы ойын: «Допты домалат»<br/> Барысы: қолдарына берілген допты лента бойымен домалатып ойнайды.<br/> Д/қ ойын: «Менің анам»<br/> Барысы: аналарының пайдаланатын заттарын суреттер арасынан тауып, атайды.<br/> Әңгімелейді.<br/> Аналарына жылы тілектерін айтады.<br/> Өздерін қалай еркелететіні турады әңгімелейді.<br/> <b>Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/> Тақпақ:<br/> Мен анамды сүйемін,<br/> Сөзін ойға түйемін.<br/> Анашымды ардақтап,<br/> Басымды оған иемін.<br/> <b>Көркем әдебиет</b><br/> Л/қ ойын:<br/> «Құмырадағы гүл»<br/> Барысы: гүлдердің күлтелерінің үлкен, кіші, түстерін анықтайды, атайды.<br/> <b>Сенсорика</b><br/> Аналарына арнап гүл шоғын жапсырады, құрастырады.</p> | <p><b>Көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту</b><br/> Аналар мерекесі туралы, гүл сыйлау, гүлді қайдан аламыз, түстері туралы айту.<br/> Анашым, гүлдейсің, Күлімдеп жүр дейсің.<br/> Құшағында ойнаймын, Бақыттымын мен деймін.<br/> Д/қ ойын: «Менің анам»<br/> Барысы: суретке қарап, ананың әрекетін айтады. (Менің анам тамақ пісіреді. Менің анам кітап оқиды т.б)<br/> <b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b><br/> Анаға арнап гүл суретін салады, мүсіндейді, жапсырады. Гүл бейнесін құрастырады.</p> |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                       | қатты қағаздан құрастырады.<br><b>Жапсыру, құрастыру</b>                                                                                                                                                                                        | бастырып салады.<br><b>Сурет салу</b>                                  | Тіл дамыту<br>Шығармашылық жұмыс: тарақтың бейнесін бастырып салады. Сабын бейнесін мүсіндейді.<br><b>Сурет салу, мүсіндеу</b><br>Сүлгіні безендіріп жапсырады, құрастырады<br><b>Жапсыру, құрастыру</b> | Суретін бояйды, мүсіндейді.<br><b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</b> |                                                                     |
|                                                                                                                                                       | Ұйымдастырылған іс - әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. (музыка <sup>***</sup> ) (дене тәрбиесі <sup>**</sup> )                                                                                                                        |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Екінші таңғы ас                                                                                                                                       | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті. Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру . |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Серуенге дайындық                                                                                                                                     | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.                                                                                                                          |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Серуен                                                                                                                                                | Картотека №3                                                                                                                                                                                                                                    | Картотека №5                                                           | Картотека №1                                                                                                                                                                                             | Картотека №2                                                                   | Картотека №4                                                        |
|                                                                                                                                                       | Серуен картотекасынан                                                                                                                                                                                                                           |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Серуеннен оралу                                                                                                                                       | Тазалық процедурасы: балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды , қар болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.                                  |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| <b>Үнемді тұтыну</b>                                                                                                                                  | Қажет емес кезде жарықты сөндірі                                                                                                                                                                                                                |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Түскі ас                                                                                                                                              | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.                             |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Күндізгі ұйқы                                                                                                                                         | Бесік жыры (музыка <sup>***</sup> )<br>«Шалқан » ертегісі                                                                                                                                                                                       |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары                                                                                                            | Картотека №6 шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту (дене тәрбиесі <sup>**</sup> )                                                                                                                                   |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
|                                                                                                                                                       | Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан                                                                                                                                                                                                                |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Бесін ас                                                                                                                                              | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Сөздік минимум: жу, бет, қол                                                                                      |                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                |                                                                     |
| Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті, баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс әрекеті, кітап қарау және басқалар | Д/қ ойын: «Көбелекті гүлге қондыр»<br>Барысы: Көбелектерді түсіне сай гүлдерге қояды                                                                                                                                                            | С/р ойын: «Дүкенші»<br>Сатушы және сатып алушы рөліне бөлініп ойнайды. | Ұ/үсті ойыны: «Суреттер құрастыру»<br>Барысы: ұсақ бөлшектерден ірі көлемді гүл суретін құрастырады.                                                                                                     | Еркін ойындар: Ұлдар машинамен , қыздар қуыршақпен ойнайды.                    | Еркін ойындар: конструкторлармен түрлі бейнелер құрастырып ойнайды. |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                      |                                                                                     |                                                                                       |                                                                   |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| Балалармен жеке жұмыс  | <b>Коммуникативтік дағды:</b> <i>Еркеназ</i> педагогтің көмегімен шағын тапқартарды қайталап айтады                                                                                                                                                                                     | <b>Әлеуметтік дағды:</b> <i>Сардар</i> өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады | <b>Коммуникативтік дағды:</b> <i>Омар</i> таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды | <b>Шығармашылық дағды:</b> <i>Ч.Амир</i> қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады | Физикалық дағды: <i>Исмаил</i> қарқынды өзгертіп жүреді, жүгіреді |
| Серуенге дайындық      | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау |                                                                                      |                                                                                     |                                                                                       |                                                                   |
| Серуен                 | Картотека №3                                                                                                                                                                                                                                                                            | Картотека №5                                                                         | Картотека №1                                                                        | Картотека №2                                                                          | Картотека №4                                                      |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Медбике кеңесі: «Таза ауада серуеннің пайдасы»                                                                                                      |                                                                                      |                                                                                     |                                                                                       |                                                                   |



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **09.03-13.03.2026ж**

Тәрбиеші: Кеңес Ж.Қ.

Аптаның дәйексөзі: **«Отаным - алтын бесігім»**

| Күн тәртібінің үлгісі                                                                                                                      | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Сейсенбі                                                                                                                                                               | Сәрсенбі                                                                                                                                                             | Бейсенбі                                                                                                                                         | Жұма                                                                                                                                                                          |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                         | Балалардың көңіл-күйін бақылау. Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br><b>Күй күмбірі: “Балбырауын”</b>                                                                                    |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                               |
| Екінші таңғы ас                                                                                                   | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті. Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру                                              |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Серуенге дайындық                                                                                                 | балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Серуен                                                                                                            | Картотека: № 18<br>Ойын алаңқайындағы ерімеген қарды бақылау. Лас, салқын түсініктерін ұғындыру.<br><b>қоршаған әлеммен таныстыру</b>                                                                                                                                                      | Картотека № 21                                                                                                                                                                 | Картотека № 14                                                                                                        | Картотека № 20                                                                                          | Картотека №19                                                                              |
|                                                                                                                   | Серуен картотекасынан                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Серуеннен оралу                                                                                                   | Тазалық процедурасы: балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру: қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Үнемді тұтыну                                                                                                     | «Суды төгіп ойнама!»                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Түскі ас                                                                                                          | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. Сөздік минимум: сорпа, шәй.                                            |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Күндізгі ұйқы                                                                                                     | «Бесік жыры» әуені (музыка***)<br>«Бауырсақ» ертегісі                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары                                                                        | Картотека № 7 шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту (дене тәрбиесі**)                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
|                                                                                                                   | Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Бесін ас                                                                                                          | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Сөздік минимум: тоқаш, сүт.                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                       |                                                                                                         |                                                                                            |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті, баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс | Шығармашылық жұмыс: «Көктемгі гүлдер» тақырыбында бәйшешек бейнесін жапсырады, қатты қағаздан құрастырады.                                                                                                                                                                                 | Шығармашылық жұмыс: конструктордан достарымен бірге өз еріктерімен заттар құрастырады. Үлгі бойынша жырту                                                                      | Ү/үсті ойыны: «Суреттер құрастыру» Барысы: ұсақ бөлшектерден ірі көлемді сурет: ботақан бейнесін құрастырады. Ботақан | Шығармашылық жұмыс: Зымыран бейнесін мүсіндеп, конструктордан құрастырады. <b>(мүсіндеу, құрастыру)</b> | Шығармашылық жұмыс: Аспан әлемі тақырыбындағы боямақты бояйды. Күн бейнесін конструктордан |

|                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                     |                                                                                     |                                                                               |                                                                                       |
|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| әрекеті, кітап қарау және басқалар | (жапсыру, құрастыру)                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | тәсілі арқылы көктемгі гүл бейнесін жапсырады. (құрастыру, жапсыру)                 | бейнесін жапсырады. (жапсыру, құрастыру)                                            |                                                                               | құрастырады. (сурет салу, құрастыру)                                                  |
| Балалармен жеке жұмыс              | <b>Шығармашылық дағды:</b> <i>Жігер</i> қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі                                                                                                                                                                                                        | <b>Коммуникативтік дағды</b> <i>Хәкім</i> таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды | <b>Шығармашылық дағды:</b> <i>Айым</i> қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады | <b>Коммуникативтік дағды</b> <i>Еркеназ</i> шағын тақпақтарды қайталап айтады | <b>Әлеуметтік дағды:</b> <i>Тәуекел</i> өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады |
| Серуенге дайындық                  | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау |                                                                                     |                                                                                     |                                                                               |                                                                                       |
| Серуен                             | Картотека: № <i>18</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Картотека № <i>21</i>                                                               | Картотека № <i>14</i>                                                               | Картотека № <i>20</i>                                                         | Картотека № <i>19</i>                                                                 |
| Балалардың үйге қайтуы             | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Ата анаға кеңес: «Ауа райына сай киіндіру. Ыңғайлы аяқ киім кигізу»                                                                                                               |                                                                                     |                                                                                     |                                                                               |                                                                                       |



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.04 – 10.04.2026ж

Тәрбиеші: Кеңес Ж.Қ.

**Аптаның дәйек сөзі: « Еңбек. Еңбек бәрін жеңбек»**

| Күн тәртібінің<br>үлгісі                                                                                                                                      | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Сейсенбі                                                                                                                                             | Сәрсенбі                                                                                                                                        | Бейсенбі                                                                                                                       | Жұма                                                                                                                                                |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды<br>қабылдау                                                                                                                                         | Балалардың көңіл-күйін бақылау. Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br><b>Күй күмбірі: «Келіншек»</b>                                                                                      |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                |                                                                                                                                                     |
| Ата - аналармен<br>немесе баланың басқа<br>занды өкілдерімен<br>кеңес, әңгімелесу                                                                             | Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Сөздік минимум: қайырлы таң!<br><b>«Өнегелі 15 минут»: «Балаларға ертегі айтқызып үйретейік»</b>                                                                      |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                |                                                                                                                                                     |
| Балалардың<br>іс-әрекеті (ойын,<br>танымдық,<br>коммуникативтік,<br>шығармашылық,<br>эксперименталдық<br>еңбек, қимыл,<br>бейнелеу, дербес<br>және басқалары) | Дидактикалық<br>ойын:«Жыл мезгілі»<br>Барысы: жыл<br>мезгілдеріне қатысты<br>суреттерді атап<br>ажырата алады.<br><b>қоршаған әлеммен<br/>таныстыру</b><br><i>Сөздік минимум:<br/>көктем</i>                                                                                                                  | Педагогпен бірге бөлме<br>гүлдеріне күтім жасау.<br>Жапырақтарының<br>шаңын сүрту. Су құю.<br><i>Сөздік минимум: гүл</i>                             | Кітап бұрышындағы<br>«Ертегілер әлемі»<br>тақырыбында<br>кітапшалар қарап,<br>суреттерін<br>тамашалайды.                                        | Д/қ ойын: «Танып ал да,<br>атын ата»<br>Барысы: алдарына<br>берілген суреттердегі<br>заттарды атайды,<br>сипаттайды.           | Ү/үсті ойыны:<br>«Пішіндерді<br>орналастыр»<br>Барысы: тұғырға тиісті<br>пішіндерді орналастыра<br>алады.<br><i>Сөздік минимум: үлкен,<br/>кіші</i> |
| Ертеңгілік жаттығу                                                                                                                                            | Картотека №8<br>Мақсаты: жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шындау (дене тәрбиесі **)                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                |                                                                                                                                                     |
| Таңғы ас                                                                                                                                                      | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) Сөздік минимум: рахмет! |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                |                                                                                                                                                     |
| Ұйымдастырылған іс-<br>әрекетке дайындық                                                                                                                      | Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесуі (бірлескен әрекет, кезекшілік).                                                             |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                |                                                                                                                                                     |
| Білім беру ұйымының<br>кестесі бойынша<br>ұйымдастырылған<br>іс-әрекет                                                                                        | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Сап түзеп тұрады.<br>Жүру: белгі бойынша<br>тоқтап, лентаның<br>үстімен жүреді.<br>Жүруден жаймен<br>жүгіруге ауысады.                                                                                                                                                                | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Иректелген лентаның<br>бойымен жүреді.<br>Топ болып жаймен<br>жүгіреді. Сап түзеді.<br>Жалпы дамытушы<br>жаттығулар жасайды. | <b>Музыка</b><br>Жылулық шеңбері.<br>Дауыс жаттықтыру.<br>Музыка тыңдау:<br>«Көкек» Б.Аманжолов<br>Ән айту: «Төлдер» әні.<br>Музыкалық-ырғақтық | <b>Дене тәрбиесі</b><br>Шеңбер бойымен<br>тұрып, жалпы<br>дамытушы<br>жаттығуларды<br>орындайды. Негізгі<br>қимыл түрі: отырып | <b>Сенсорика</b><br>Л/қ ойын: «Үлкен, кіші»<br>Барысы: суретте<br>берілген<br>ойыншықтардың үлкен,<br>кішісін ажыратып<br>көрсетеді.                |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Негізгі қимыл: әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) допты лақтыру. Қ/ы ойын: «Жалаушаны орналастыр» Барысы: арнайы тұғырға қолдарына берілген жалаушаны кезекпен орналастырады. Тақпақ: Көктем келді күркіреп, Жаңбыр жауды сіркіреп. Бәйшешектер дүркіреп, Шыға келді қыр түлеп. Педагогпен бірге тақпақты қайталайды, суреттер көмегімен тақпақ мазмұнын ашады. Дидактикалық ойын: «Көктем» Барысы: көктем тақырыбында суреттер бойынша әңгімелеу: қар еріді, жылғалардан су ақты, күн жылынды, құстар ұшып келді.... <b>Көркем әдебиет, тіл дамыту</b> Д/қ ойын: «Топтастыр» Барысы: алдарындағы үшбұрыштарды түсі, көлемі бойынша іріктеп, тиісті тобына жинайды. Қай топта үшбұрыш көп</p> | <p>Негізгі қимыл: еденде жатқан лентадан секіреді. Қ/ы ойын: «Кім епті?» Барысы: кедергі астынан еңбектеп өте алады. Д/қ ойын: «Пішіндер» Барысы: қолдарына берілген пішіндерді кілемше үстіндегі көлемді пішін үстіне орналастырады. <b>Сенсорика</b> Тақпақ: Дала гүлге толыпты, Аққу көлге қоныпты. Алақай ау, алақай! Көктем қандай көрікті Өлеңнің мазмұнын түсіндіру, суретпен жұмыстану. <b>Көркем әдебиет</b> Д/қ ойын: «Көктем өрнектері» Барысы: көктем мезгіліне қатысты суреттерді көрсетіп, сипаттайды. Көктемгі ауа райындағы өзгерістерді сурет арқылы көрсетеді. Көктемде байқалатын маусымдық өзгерістері туралы әңгімелеу. <b>Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</b> Шығармашылық жұмыс: ағаш бұтағы бейнеленген шаблонға бүршіктердің суретін</p> | <p>қимылдар: «Құстар» Т.Ломова қанатын жайып ұшқан құстар қимылдарын жасау. Д/о: «Құстарға жем шашамыз» ойыны. Л/қ ойын: «Қай пішін?» Барысы: пішінді қарап , ұқсас пішінмен сәйкестендіре алады. <b>Сенсорика</b> «Төлдер айтысы» ертегісі Ертегі мазмұнын суреттер көмегімен таныстыру, ертегі кейіпкерлерін атау, сипаттау. Тіл ұстарту: ертегі кейіпкерлерінің дыбысын салу: Мөөө Мээээ Бееее..... Д/қ ойын: «Төлін тап» Барысы: төрт түліктің төлін сызба бойынша сәйкестендіреді. <b>Көркем әдебиет, тіл дамыту</b> Шығармашылық жұмыс: ертегі кейіпкері: қошақанның бейнесін шаблон бойынша үзік сызықтарды қосу арқылы бейнелейді. Ермексазды алақан арасына салып домалатып жұмсарта отырып жағу әдісі бойынша мүсіндейді.</p> | <p>және тұрып доптарды домалату. Қ/ы ойын: «Допты қуып жет» Барысы: допты қуып жетіп екінші балаға жолдайды. Топ болып ойнайды. Д/қ ойын: «Топтастыр» Барысы: алдарына берілген суреттерде бейнеленген заттарды атайды. Заттарды түсі бойынша топтастырады. Көп не біреу екенін ажыратады. <b>Сенсорика</b> Тақпақ: Көкке ұшамын, Ұшқыш боламын. Соңына еремін Ер ғарышкер ағаның. Батыр боламын, Көк аспанды сүйемін. Жұлдыздарға Барып келіп жүремін. Педагогпен бірге тақпақты қайталайды, суреттер көмегімен тақпақ мазмұнын ашады. Д/қ ойын: «Әуе көліктері» Барысы: әуе көліктерін көрсетіп, атайды. Зымыран туралы түсіндіру, аспан әлемі жайлы қарапайым түсінік беру. <b>Көркем әдебиет, тіл дамыту, қоршаған</b></p> | <p>Суретпен жұмыс: Аспан әлемі туралы әңгімелеу: жұлдыздар, күн, ай..... <b>Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</b> «Шалқан» ертегісін суреттер бойынша таныстырып, әңгімелеу. Мазмұнын ашу. Ертегі кейіпкерлерін таныстыру, әңгімелеу. <b>Көркем әдебиет</b> Шығармашылық жұмыс: жұлдыз бейнесін мүсіндейді, ай бейнесін жапсырады. <b>Мүсіндеу, жапсыру</b> Аспан әлемі тақырыбындағы боямақты бояйды. Күн бейнесін конструктордан құрастырады. <b>Сурет салу, құрастыру</b></p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                   | не аз екенін анықтайды.<br><b>Сенсорика</b><br>Шығармашылық жұмыс:«Көктемгі гүлдер» тақырыбында<br><b>Сурет салу,мүсіндеу</b><br>«Көктемгі гүлдер» тақырыбында бәйшешек бейнесін жапсырады, қатты қағаздан құрастырады.<br><b>Жапсыру, құрастыру</b>                                                                                 | саусақпен салады.<br>Ағаш бейнесіне бүршік мүсіндеп орналастырады.<br><b>Сурет салу, мүсіндеу</b><br>конструктордан достарымен бірге өз еріктерімен заттар құрастырады.<br>Үлгі бойынша жырту тәсілі арқылы көктемгі гүл бейнесін жапсырады.<br><b>Құрастыру, жапсыру</b> | <b>Сурет салу, мүсіндеу</b><br>«Суреттер құрастыру»<br>Барысы: ұсақ бөлшектерден ірі көлемді сурет: ботақан бейнесін құрастырады.<br>Ботақан бейнесін жапсырады.<br><b>Жапсыру, құрастыру</b>  | <b>әлеммен таныстыру</b><br>Шығармашылық жұмыс: зымыран бейнесін үзік сызықтарды қосу арқылы бейнелейді. Қима қағазды үлгі бойынша орналастыра отырып жапсырады.<br><b>Сурет салу, жапсыру</b><br>Зымыран бейнесін мүсіндеп, конструктордан құрастырады.<br><b>Мүсіндеу, құрастыру</b> |                                                                                                                                                                                               |
|                   | Ұйымдастырылған іс - әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. (музыка***) (дене тәрбиесі **)                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |
| Екінші таңғы ас   | Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті. Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру<br>Сөздік минимум: алма |                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |
| Серуенге дайындық | Өзіне - өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                               |
